	Қ/қозғалыс ойыны: «Мысық пен тышқан» Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа үйрету. Ойын шарты: Барлық балалар айнала шеңберге тұрып, «тышқан» мен «мысық» таңдайды. «Тышқандар» «мысықтан» қашады, дөңгелек ішінде жүруге де болады. «Мысықты» балалар дөңгелек ішіне жібермейді. Балалардың өзіндік іс-әрекеті. .	Мақсаты: ересек адамдарға қолдан келгенше көмек беруге деген балалардың ынтасын қолдап, еңбекке баулу. Қ/қозғалыс ойыны: «Доп кімде?» Мақсаты: тапқырлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Шарты: Бір бала жүргізуші болады. Бір бала ортада көзін жұмып тұрады. Қойған балалар шеңбер жасап, қолдарын артына ұстап, иықтарын тақап тұрады (қолдары ішінен қарағанда көрінбеу керек). Сыртта жүрген бала сездірмей, шеңбердің сыртын айналып жүріп, бір баланың қолына ұстатады да өзі алысқа барып тұрады да « болды» дейді. Ортадағы бала көзін ашып, шеңбердің ішінде тұрып, кімде екенін (көзінің т.б) біліп айту керек. Тапса допты алады. Таппаса-басын шайқайды. Сол кезде добы бар бала теріс айналып, допты көрсетеді. Сенде-деген жоғары	Шарты: Ойыншылар 2 командаға бөлінеді. Аз топ қол ұстасып шеңбер жасайды. Олар тышқан ұстаушылар. Қалғандары тышқандар, олар шеңберді айналып жүреді. Тәрбиеші «қақпаны аш » дегенде шеңбердегі балалар қолдарын босатып жоғарға көтеріп тұрады. Тышқандар өтіп жүреді. Тәрбиеші қол шапалақтағанда, шеңбердегілер қолдарын түсіріп, шеңбер ұстай қою керек. Ішінде қалғандары ұстаған тышқан алады. Олар жиналып шеңбер жасауға дайындалады, олар қақпан жасап тышқан ұстаушы болады. Ойын жалғаса береді. Балалардың өзіндік іс-әрекеті:	сияқты секіруге, өлең жолдары мәнерлеп айтуға үйрету. Шарты: Алаңның ортасында үлкен дөңгелек шеңбер сызады немесе дөңгелек форма етіп жуан жіп тастайды. Балалардың бір тобы шеңберді жағалай тұрады, ал қалғандары алаңның екінші бір жағына орналасқан орындықтарда отырады. Орындықта отырған балалармен бірге тәрбиеші мынандай өлең айтады. Бақалар басы қалтаңдап, Шоршиды жолда талтаңдап. Бақ-бақ, бақ-бақ, бақ Жүгіреді талтақтап. Шеңберді жағалап дөңгеленіп тұрған балалар бақа сияқты секіреді. Өлең аяқталғаннан кейін, орындықта отырған балалар алақандарын соғады (бақаларды шошытады), бақалар шалшық суға-қызықтан секіреді де жүресінен отыра кетеді. Ойын аяқталған кезде, балалар рөлдерімен алмасады.)	
--	---	---	--	---	--

		көтеруі тиіс. Балалардың өзіндік іс-әрекеті.		Балалардың өзіндік іс-әрекеті	
Серуеннен оралу 12:00-12:15	Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбарды шешіп, айырбастап іліп қоямыз. - Көйлекті, шалбарға, шорттик, футболкамызды бүктеп салып қоямыз. - Аяқ киімді шешіп шкафқа саламыз, екінші аяқ киімді киеміз. - Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. <i>(сөйлеуді дамыту).</i>				
Түскі ас 12:15-13:00	Гигиеналық шаралар: Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Нан қоқымын шашпаймыз, Жерде жатса баспаймыз. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаймыз. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>				
Күндізгі ұйқы 13:00-15:00	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Ертегі оқып беру. «Мақтаншақ қоян» (көркем қызмет) Әлди Мақсаты: бала ағзасының физиологиялық тепе-теңдігін қалпына келтіру. Әлди, әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат бөпем. Жылама, бөпем, жылама, Жілік шағып берейін, Байқұтанның құйрығын				

	Жіпке тағып берейін. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары 15:00-15:15	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас 15:15-15:45	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру Жастықтан біз тұрамыз, Қолымызды созамыз. Аяғымызды жазамыз, Үлкен болып өсеміз. (дене шынықтыру**). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) 15:45-16:15	Дидактикалық ойын: «Үй жануарлары» Мақсаты: Үй жануарларының дене мүшелерін атауға, ажыратуға үйрету. Ойын шарты: Дөңгелене отырып, ғажайып қалтадан үй жануарларын алып, алған		Сюжетті-рөлдік ойын: «Аурухана» Мақсаты: Балаларға дәрігер, медбике, санитар мамандығы туралы түсінік беру. Ауырып тұрған адамға жағымды қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. Қажетті құрал-жабдықтар:	Сюжетті-рөлді ойын: «Дәріхана» Мақсаты: Балаларда фармаце мамандығына деген қызығушылық туғызу. Ойын барысы: Жүргізуші дәріханаға дәрі-дәрмектер алы келеді. Дәріхана қызметкерлер оны сөрелерге қояды.	

	жануардың дене мүшелерін атату, олар туралы мейірімді сөздер айту. Балалар малдың төлдері қандай? (әдемі, сүйкімді.) Қалай еркелетеміз? (ботақан, қошақан.) Төлдер қалай ойнайды. (секіреді, жүгіреді.) Мен өлең оқимын, сендер қандай төлдер екенін айтып, қимыл іс-әрекет арқылы көрсетесіңдер. Шөре, шөре лағым, Тентек болмашырағым. Секендемей демінді ал, Селтендеме құлағың,- деп не атаймыз?- Лақты. Қара көзің мөлдіреп, Қызықтырмай қоймайды. Жібек жүнің үлбіреп, Қарасам көз тоймайды. - Бұл не?- Бота. Әукім- әукім, әукешім, Қасиыншы әукешін. Енең әне келеді, Ақ мамасын береді. - Бұл не?- бұзауым. Қырау-қырау құндызым, Құлдырайды шабады. Жылтыңдаған жұлдызым, Құстай қанат қағады. - Бұл не?- құлыншақ.		халат, бас киім, рецепт жазып беруге қарындаш пен қағаз, фонендоскоп, тонометр, градусник. дәке, макта, шприц, дәрілер, пинцет, қайшы. Ойындық рөлдер: дәрігер, медбике, ауру адам. Ойналатын сюжеттер: «Дәрігердің қабылдауында» «Укол саламыз» Шарты: дәрігер, медбике, ауру адам рөлін орындау керек. Бір бала ауру адам болады, екі бала ата-анасы болады, медбике укол салады, анасы мен әкесі балаға уколдан қорықпауға қамқорлық жасап,өздерін ата-ана рөлінде сезініп, мейірімділікке баулу. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>	Адамдар дәрі-дәрмектер алу үшін дәріханаға келеді. Шарты:Балаларға дәрі дәрмекпен дәрумендер көмегін қажет екеннің түсіндіріп,қоғамда болып жатқан күнделікті жағдайды жақсы жағынан түсіндіру. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>	
--	---	--	--	--	--

	Балалар әжелерің, аталарың еркелеткенде қандай сөздер айтады?- құлыншағым, қошақаным, ботақаным т.б. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>				
Балалармен жеке жұмыс 16:15-16:30	«Шалқан» ертегісін драматизациялау. Мақсаты: балалардың театрландырылған шараларға деген қызығушылығын ояту. Балаларға арналған міндет: кейіпкерлердің эмоциясын жеткізе отырып, балаларды саусақпен қимылдауға үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</i>	Алиханға «Қар ханшайымы» ертегісіндегі кейіпкерлерді бояту. <i>(сурет салу)</i> Қалған балаларға еркін тақырыпта мүсіндету. <i>(мүсіндеу)</i>	Алинұрға тақпақ жаттату. «Отан» Отан деген-атамекен, Отан деген-туған жер. Отан-ана, Отан-үлкен, Қазақстан туған ел. Мақсаты: өлеңдегі сөздерді анық айтқызу, тілін дамыту. <i>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</i>	Қазынаға, Әмина, дәрігердің сөмкесін мүсіндету. <i>(мүсіндеу)</i>	
Серуенге дайындық 16:30-16:45	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынған қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. <i>(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>				
Серуен 16:45-17:30	Таза ауада тыныс алу. Табиғатқа қызығушылықпен қарау. Қыс туралы әңгімелесу (Қоршаған ортамен таныстыру) Аз қимылды ойын: «Мысық пен тышқан»	Таза ауада тыныс алу. Серуенге қызығушылығын арттыру. (Қоршаған ортамен таныстыру) Аз қимылды ойын: «Көліктер» Мақсаты: Балаларды	Таза ауада тыныс алу. Серуенге қызығушылығын арттыру. Қыс туралы әңгімелесу. (Қоршаған ортамен таныстыру) Аз қимылды ойын: «Аюдың апанында»	Таза ауада тыныс алу. Серуенге қызығушылық туғызу. (Қоршаған ортамен таныстыру) Аз қимылды ойын: «Аңшылар мен қояндар» Мақсаты: Балаларды қоян	

	Мақсаты: балаларды шапшаңдыққа әрі шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа үйрету. Ойын шарты: Барлық балалар айнала шеңберге тұрып, «тышқан» мен «мысық» таңдайды. «Тышқандар» «мысықтан» қашады, дөңгелек ішінде жүруге болады. «Мысықты» балалар дөңгелек ішіне жібермейді. (дене шынықтыру**)	шапшаңдыққа, қырағылыққа баулу. Ойын шарты: Балалар шеңберге жиналады. Тәрбиеші шеңбердің ортаына тұрып, ойын ережесінің орындалуын бақылайды. Балалар машинаның өте жоғары жылдамдықпен жүргенін елестету арқылы «вжик» деген дыбыс шығарылады. (дене шынықтыру**)	Мақсаты: балалардың сөздік қорын дамыта отырып, қимыл-қозғалыс іскерліктерін жетілдіру. Ойын шарты: Бір бала бөлме ортасында орындыққа отырады. (аю) Қалған балалар бөлме ішінде ақырын жайлап басып, төмендегі өлең жолдарын қайталайды: Өне аюдың апаны, жатыр онда дәу аю. Жайлап басып барайық, саңырауқұлақ, бүлдіргенді, Білдіртпей біз алайық. Ұйықтап жатқан аюды, оятып біз алмайық. Соңғы өлең жолдарын айтқан кезде аю, оянып кетіп балаларды ұстау үшін қуады. (дене шынықтыру**)	болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. Шарты: Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: «Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. (дене шынықтыру**)	
Серуеннен оралу 17:30-17:45	Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті				
Балалардың үйіне қайтуы 17:45-17:30	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				
	Ата-аналарға арналған кеңес: Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Ата-аналарға арналған кеңес: Балабақшаға кешікпей келулерін ескерту. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата-аналарға арналған кеңес: Балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу.	Ата-аналарға арналған кеңес: Балаларды ауа-райына байланысты киіндіруді ескерту. «Күн аяз болғанда ата - ананың жеті қателігі»	

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2022-2023 оқу жылы**

Мектепке дейінгі ұйым: Аққу» бөбекжай» КМҚК

Топ: «Қарлығаш» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3-4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 19.12-23.12.2022 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 19.12.2022	Сейсенбі 20.12.2022	Сәрсенбі 21.12.2022	Бейсенбі 22.12.2022	Жұма 23.12.2022
Балаларды қабылдау 8:00-8:30 Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер)	Күн тәртібін еске салу. «Менің сүйікті ойыншығым» Мақсаты: өзің сүйікті ойыншығын сиппатай білуге үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>	Ауа-райына сай киіндіру. «Бүгін ауа-райы қандай?» Мақсаты: Табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа- райы жағдайының аяз, қыс / бақылау нәтижелерін айта білуге үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i>	«Сен не киіп келдің?» Мақсаты: Киім атауларын дұрыс айтады. Сөйлем құрастырады. Сөз ішінде қазақ тілінде тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтығады. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i>	Балабақшаға келе жатқанда байқаған қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	«Балақай, балабақшаға кіммен келдің?» Мақсаты: Үйдегі жақындарын атап айтқызу, балабақшаға немен келді, айналасында қандай өзгерістер байқағаны туралы айтқызу. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)</i>

8:30 -9:00					
	Үстел үсті ойыны: «Ретке келтіру» Мақсаты: балалардың қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту. Ойын шарты: берілген суреттердің арасынан біреуін таңдайды. Мысалы: тоңазытқыштың суретіне; сүт, шұжық, қатық , етті орналастыру. <i>(қоршаған ортамен танысу)</i>	Үстел үсті ойыны: «Домино» Жабайы жануарлар. Мақсаты: Балалардың жабайы жануарлары туралы білімдерін бекіту: піл, түлкі, аю т.б.жануарлардың ерекшеліктерін атап өту. Ойын шарты: Ойын барысында балалар бір-біріне ұқсас жабайы жануарларды тауып бір-біріне тізбектеп жалғау керек. <i>(қоршаған ортамен танысу)</i>	Үстел үсті ойыны: «Түрлі түсті дөңгелек» Мақсаты: балаларды түстерді салыстыра білуге, білім мен түстер жүйесін нығайтуға үйрету. Ойын шарты: балалардың алдына түрлі-түсті дөңгелектер салынған карточка беріледі. Сол дөңгелектерге сәйкес түрлі-түсті фишкаларды қойып шығу керек. <i>(математика негіздері)</i>	Үстел үсті ойыны: «Түрлі түсті пирамида» Мақсаты: шаманы қабылдауды дамыту. Ойын шарты: үлкеніне кішісіне қарай пирамиданы жинау. <i>(математика негіздері)</i>	Үстел үсті ойыны: «Мозайка» Мақсаты: Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әр түрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын арттыру. Ойын атрибуттары: көлік түрлеріне, әр түрлі ертегілерге байланысты суреттер. Ойынның барысы: Балалар үстел үстіндегі әр түрлі суреттердің қиықтарынан (текшелерінен) бір мазмұнды сурет құрастырады. Сурет не жайында екенін әңгімелеп айтады. <i>(құрастыру, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>

Таңертенгі жаттығу 9:00-9:15	ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (затпен орындалады) Мақсаты: баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету. 1. «Жоғары». Б.қ.: қолды арт жаққа таяп, орындықта отыру. Қолды екі жақпен жоғары көтеру, жоғарыға қарау. Б.қ.: «төмен», – деу. (6 рет қайталау). 2. «Қара». Б.қ.: Осылайша қолды белге қою. Оңға бұрылу, артқа – б.қ.Осылайша екінші жаққа орындау. (3 рет қайталау.) 3. «Отыр және тұр». Б.қ.: Осылайша қолды артқа қою. Тік тұрып, жоғары қарау – б.қ.Аяқты қозғалтпай. (6 рет қайталау.) 4. «Абай бол». Б.қ.: қолды төмен түсіріп, орындыққа таяу тұру: орындықтың үстіне шығып тұру, орнықты орындықтан түсу. (6 рет қайталау). 5. «Секіру, жүру». Б.қ.: алдыңғы жаттығудағыдай. Екі аяғымен орындық бойына секіру (3-4 м). Бір орында тұрып жүру. (4 рет қайталау) (дене шынықтыру**)				
Таңғы ас 9:15-9:45	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдары жуу, қолды сұрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Тамақтану (өз орнын білді, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтананып болғаннан кейін алғыс айту)	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдары жуу, қолды сұрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Тамақтану (өз орнын білді, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтананып болғаннан кейін алғыс айту)	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдары жуу, қолды сұрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Тамақтану (өз орнын білді, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтананып болғаннан кейін алғыс айту)	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдары жуу, қолды сұрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Тамақтану (өз орнын білді, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей,	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сұрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Тамақтану (өз орнын білді, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтананып болғаннан кейін алғыс айту)

		алғыс айту)		тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 9:45-10:00	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.				
	Саусақ жаттығуы: «Ағаш» Аулада ағаш жайқалады, Жап-жасыл оның жапырағы. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i>	Саусақ жаттығуы: «Саусақ санау» Балаға қарама-қарсы отырып, тәрбиеші көрсетіп отырады, қолдарды құлыпқа ұқсатып түйеді. Саусақтарын кезек-кезек создыра көрсетіп, Кел, санайық санамақ, саусақтарға қарап ап. Басбармақ, Балан үйрек, Ортантерек, Шылдыршүмек, Кішкенебөбек. Бала қозғалыстарды қайталайды. <i>(дене шынықтыру**)</i>	Саусақ жаттығуы «Саусақтар жүреді» Саусақтар жүреді. Екі саусақпен 5-ке дейін ту және кері санап, алға-артқа жүреді. <i>(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)</i>	Саусақ жаттығуы: «Менің отбасым» Бас бармақ – ата Сұқ саусақ – әже Ортан терек – әке Шылдыр шүмек – ана Кішкене бөбек – мен <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</i>	Саусақ жаттығуы: «Гүл» Балалар қолдарын көтеріп, саусақтарын біріктіріп, жабылып тұрған гүлдердің бүршіктерін келтіреді. Жайла саусақтарын ашып, алақандарын жайып «гүлдің ашылғанын» көрсету. Төмендегі тақпақты қайталау Міне, гүлдің бүршіктері, Ашылады әдемі. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i>
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 10:00-11:00	Дене шынықтыру Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен, еңіс	Қазақ тілі Мақсаты: Үйлесімді сөйлеу: 1) қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым сөйлемдермен жауап	Дене шынықтыру Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен, еңіс тақта	Музыка Мақсаты: Музыка тыңдау Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың	Дене шынықтыру Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен, еңіс тақта бойымен (20-30 см) жүру

	тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру; Сапқа қайта тұру. Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша).	беруге үйрету, қарапайым сөйлемдер құрастыру, жақын жерде, 2-3 сөйлемде орналасқан қыс мезгілінің қысқаша сипаттамасы; 2) қарапайым мәтіндердің қысқаша мазмұнын тыңдауға және түсінуге, айтуға және қайталауға, өлеңдерді жатқа оқуға үйрету. Сөздік минимум бір, екі, үш «Менің Отаным» постері. «Суретті таңда» дидактикалық ойын	бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру; Сапқа қайта тұру. Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша).	көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өзбетінше бастау және аяқтау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өзбетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.	дағдыларын қалыптастыру; Сапқа қайта тұру. Сапқа бірден, шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша).
	Суретке қарап әңгіме құрастыру. Қыста қандай ойындар ойнауға болады? Мақсаты: Балалардың ойын тыңдау, суреттер арқылы ойын	Дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту ла-ла-ла Ажар жақсы бала, қа-қа-қа бақылдайды бақа.	Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағадай жасап ойнату. Таңдаған ойыншығының суретін салғызып жапсырту.	«Қар қандай болады?» Ертегісін тамашалау. Мақсаты: ертегі оқиғасын өз сөзімен атып беру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Әртүрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалуы бойынша әртүрлі құрылымдар жасауды ұсыну. (құрастыру) Қим. ойын:

түрлерімен танстыру. <i>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</i> Шаңғының суретін бояту, шананы ермексازдан мүсіндету. <i>(сурет салу, мүсіндеу)</i> Қим. ойын: «Тым-тырақай» Мақсаты: балаларды санамақ айтуға үйрету. Шарты: Ойнаушы балалар шеңберге тұрады да, бір баланы санамақ айтып, ортаға шығарады. Балалар тәрбиешінің белгісімен: Ал, кәнеки балалар, Бір, екі, үш-деп санаңдар Бір, екі, үш— Ал тараңдар-деп Жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң тәрбиеші бір, екі, үш деп санағанша балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. <i>(математика негіздері)</i>	Тіл ұстарту жаттығуын жасату. <i>(қазақ тілі)</i> Дидактикалық ойын: «Бізге кім келгенін тауып ал» Мақсаты: Айтылу мен есту жағынанан бірдей сөздерді айыра білуге, дауыс ырғағын қадағалай білуге дағдыландыру. Кебір заттардың аттарын бекіту. Ойын барысы: « Мө-мө-мө, бұл не мөңіреп жатқан Аслан?» дейді тәрбиеші. «Мяу, мяу Айгерім саған келіп тұрған не?» «Айдыңға біреу келді де пи-пи деді. Ол не?» «Ал, қазір Нұрай одан не тығылып тұрғанынын айтады» Тәрбиеші өз дауыс ырғағын өзертіп үлкен әлде кішкентай тышқанның даусы шықта ма деп сұрайды. Ойын осылайшы жалғаса береді. Мысықтың суретін	<i>(сурет салу, жапсыру)</i> Дид. ойын: «Не жоқ?» Мақсаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Шарты: ойыншықтарды қатар-қатар қойып, балалардың назарын ойыншықтарға аударады. Осыдан кейін балалар көздерін жұмып отырады. Осы кезде тәрбиеші ойыншықтардың біреуін алып қояды. Балалар көздерін ашып, қай ойыншықтың жоқ екенін табады. <i>(сөйлеуді дамыту, қорша ортамен танысу)</i>	Қысқы орман топпен жұмыс. Акварельмен сурет салу. Қар түіршіктерін ермексازдан жасату. <i>(сурет салу, мүсіндеу)</i> Дид. ойын: «Жұбын тап» Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту. Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері. Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру. <i>(математика негіздері)</i>	«Тышқан аулау» Мақсаты: Балаларды шапшандылыққа, ептілікке, командаға бөлініп ойнауға үйрету. Шарты: Ойыншылар 2 командаға бөлінеді. Аз топ қол ұстасып шеңбер жасайды. Олар тышқан ұстаушылар. Қалғандары тышқандар, олар шеңберді айналып жүреді. Тәрбиеші « қақпаны аш » дегенде шеңбердегі балалар қолдарын босатып жоғарға көтеріп тұрады. Тышқандар өтіп жүреді. Тәрбиеші қол шапалақтағанда, шеңбердегілер қолдарын түсіріп, шеңбер ұстай кою керек. Ішінде қалғандары ұстаған тышқан алады. Олар жиналып шеңбер жасауға дайындалады, олар қақпан жасап тышқан ұстаушы болады. Ойын жалғаса береді. <i>(дене қозғалысы)</i> Ірімшіктің сурет салу, тышқанға арнап ермексازдан тары жасау. <i>(сурет салу, мүсіндеу)</i>
--	---	---	--	---

		бояу, балапанды ермексаздан мүсіндеу. (сурет салу, мүсіндеу)			
Серуенге дайындық 11:00-11:15	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) «Біз киініп үйренеміз» әңгіме Мақсаты: балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыру үйрету. (көркем әдебиет) «Дұрыс-бұрыс» ойыны Шарты: бірінші кезекте шалбар емес, бас киім кесе не болады? Ал егер алдымен етік, содан кейін шалбар кесе ше? Ал егер жемпір шалбарға салынбаса ше?. Ауырып қалмас үшін дұрыс ретпен киіну керек! (сөйлеуді дамыту)				
Серуен 11:15-12:00	Алғашқы қарды бақылау Мақсаты: Жерге түскен қарға сипаттама беру, бақылау жүргізуге үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> Еңбек: Күректерді жинау. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i> Жеке жұмыс Көркем сөз: Жұмбақ Қалбалақтап ұшады.	Терезеден адамдардың қысқы қалың киімдерін бақылау. Мақсаты: Адамдардың қысқы қалың киімдерін атай білуге үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Еңбек: Топтағы гүлдерді қопсытып, су құю. Мақсаты: бөлме гүлдерін күте білуге тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i>	Қысқы ағаштарды бақылау Мақсаты: Қысқы ағаштардың басқа жыл мезгіліндегі ағаштардан айырмашылығын айыра білуге үйрету. <i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i> Еңбек: Ойын алаңын қардан тазалауға көмектесу. Мақсаты: Еңбекке, тазалыққа баулу. <i>(еңбек әрекеті)</i> Жеке жұмыс	Күннің қатты аяз соғып, суытуын бақылау Мақсаты: күннің суытуын бақылай білуге үйрету. <i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i> Еңбек: Аула сыпырушының еңбегін бақылау. Мақсаты: үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i> Жеке жұмыс Көркем сөз. Аяз қысып,	Қарғаның тамақтануын бақылау Мақсаты: Қарғаның тамақтануын көрсету, қыста тамақты жерге бермей, арнайы жемсауытқа салуға үйрету. <i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i> Еңбек: Құстарға жем беру. Мақсаты: құстарға қамқор бола білуге үйрету. <i>(еңбек әрекеті)</i> Жеке жұмыс Көркем сөз: Жұмбақ Қыс айында, мұз айында

Қанаты талып, Жерді барып құшады. (Қар) (көркем әдебиет) Жеке жұмыс. Қыс мезгіліне арналған өлеңде айту: Аппақ, аппақ, жапалақтап, Қар жауады тынбастан... Қим. ойын: «Кім баяу?» Мақсаты: балаларды баяу және аяқтың ұшымен жүруге үйрету. Шарты: Балалар тәрбиешімен бірге жүріп келе жатыр. Күтпеген жерден ол: «Ал, енді көрелік, сендердің іштеріңнен кім өте баяу, аяқтың ұшымен жүре алады. Міне, былай», – дейді. Балалар аяқтарының ұшын көтеріп, мүмкіндігінше жай жүруге тырысады. Олар сол жүріп келе жатқан бағытта жүруді жалғастыра береді. Тәрбиеші білдірмей бір	Жеке жұмыс Көркем сөз Далада қар борайды, Ақ мамыққа орайды. Мұз болады, қатады, Жып-жылтыр боп жатады. (көркем әдебиет) Жеке жұмыс: Әмина, Мирас, Н.Айаруға қысқы еңбек түрлерін айтқызу. Қим. ойын: «Аңшылар мен қояндар» Мақсаты: Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. Шарты: Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: «Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға доп лақтырады. Доп тиген қояндар	Көркем сөз. Балалар шықты далағы, Ойнап, күліп жүр енді. Шаналармен озады, Аққаланы соғады. (көркем әдебиет) Қим. ойын: «Қу түлкі» Мақсаты: балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу. Шарты: Балалар бір-біріне бір адымдай ара қашықтықта тұрады (шеңбер жасап). Балалар көздерін жұмып тұрады. Тәрбиеші шеңберді айналып жүріп білдіртпей бір баланы түртеді. Сол бала түлкі болады. Балалар көздерін ашып бір-біріне мұқият қарайды. Қу түлкі сен қайдасың? Үш рет айтқанда қу түлкі ортаға қолын көтеріп мен мындамын деп жүгіріп шығу керек. Барлық балалар жан-жаққа қашады. Қу түлкі ұстап алуы керек. (дене қозғалысы) Балалардың өзіндік іс-әрекеттері.	Өрнек сызып, терезені торлайды. Қарға омбығып, Бет домбығып, Сырғанап балалар ойнайд (көркем әдебиет) Жеке жұмыс. Жұмбақ жасыру. Тісі жоқ тістеп алады, Қолы жоқ сурет салады. (Аяз) Қ/қозғалыс ойыны: «Көлеңке» Мақсаты: балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту Ойын шарты: Көлбең-көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Аю қалай жүреді, Кім көрсете біледі? Айнұр шығып сен көрсет. Тәрбиеші балаларды кезектеп атап, ортаға шығарып түрлі жануарлардың жүрісін салып көрсетуді сұрайды. (дене қозғалысы) Балалардың өзіндік іс-әрекеті.	Жүгірсе зыр етеді. Бір адамды екеу ара Көтеріп ап кетеді. (Коньки) (көркем әдебиет) Жеке жұмыс: Тақпақтар жаттату. Өкпелетсе анасы, Өкпелетсе ағасы. Айтам дейді «әжеме», Әжесінің баласы. Қим. ойын: «Көжектер мен түлкі» Мақсаты: балаларды шапшандыққа, ұйымшылдыққа үйрету. Ойын шарты: Бір бала түлкі болып сайланады, қалған балалар көжек бет пердесін киіп, дөңгелене отырады. Ойын жүргізуші: Көжектерім тұршы, беттеріңді жушы Ну орманға барайық, тамақтанып алайық. Қоян: Жалмандаған қу түлкі, келіп қапты орманнан. Көжектерім қайда? - деп, еріп келеді соңымнан. Көжектер ән ырғағымен
--	--	---	---	--

	жаққа қарай шегініп: «Ал, енді бәрің маған қарай жүгіріңдер», – дейді. Балалар тәрбиешіге қарай жүгіріп, оны қоршап алады, ал ол балалармен әңгімелеседі, олардың жаттығуды жақсы тырысып орындағандарын айтады. (дене қозғалысы) Балалардың өзіндік іс-әрекеті.	атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. (дене қозғалысы) Балалардың өзіндік іс-әрекеті.			секіріп, қаша жөнеледі, түлкі қуады. (дене қозғалысы) Балалардың өзіндік іс-әрекеті.
Серуеннен оралу 12:00-12:15	Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретімен ағытамыз. - Киімдерді рет-ретімен шешіп орнына іліп қоямыз. - Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз. - Шалбарымызды шешіп топқа киетін киімдерімізді киеміз. Киімдерді бүктеп қоямыз. (сөйлеуді дамыту, еңбек әрекеті).				
Түскі ас 12:15-13:00	Гигиеналық шаралар: Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) «Тамақты шашпай ішіп үйренеміз». (сөйлеуді дамыту)				
Күндізгі ұйқы 13:00-15:00	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қояды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек бас жатуын қадағалау. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				

	Ертегі оқу. «Әнші қоян» Мақсаты: Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау. Балаларды ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, сұраққа жауап беруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс — әрекетін сезіну және одан әсер алу, қызығушылық әрекетін қабілеттерін ояту. Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу. (көркем әрекет) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары 15:00-15:15	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Жуынып болғанда, Жүреді қолдарда. <i>(орамал)</i> (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас 15:15-15:45	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Қалтамда жатыр тісі бар, Тістемей-ақ істер ісі бар. /тарак/ (сөйлеуді дамыту). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. (мәдени-гигиеналық дағдылар). Өзімді жақсы сезінемін (сөйлеуді дамыту).				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) 15:45-16:15	Сюжетті рөлді ойын: «Шаштараз» Мақсаты: Шаштараз мамандығы жайлы білімдерін кеңейту, Әйелдер залы, ерлер залы. Олардың айырмашылығын білу.		Сюжетті рөлді ойын: «Дүкен » ойыншықтар Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін кеңейту, ойын барысында сатушы мамандығы жайлы білімдерін тиянақтау.	Дидактикалық ойын: «Үй, терезесін жабайық» Мақсаты: Түстеріне қарай терезелерді ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. Шарты: Қағаздан қиылған, терезесі жоқ	Сюжетті рөлді ойын: «Дүкен. Киімдер бөлімі» Мақсаты: Балаларға дүкенде жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбектері туралы білім беру, қызығушылықтарын арттыру. Рөлдерге

	Шашатарды қию, сәндеу. Шарты: «Анасы қызын шаштаразға апара жатыр» «Әкесі ұлын шаштаразға » «Қуыршақтарға арнап әдемі шаш үлгілерін жасаймыз» «Өзімізге арнап шаш үлгісін жасаймыз» Соны мен қатар балалар шаштаразшының жұмысын бағалайды. <i>(сөйлеуді дамыту)</i>		Ойынды ролдерге бөліп ойнауға үйрету. Керекті құралдар: сөрелер, сатушы, ойыншықтар, касса, ақша, сатып алушылар. Шарты: Сатушы және бала,сөйлейтін ойыншық рөлін ойнау, бала өзі жалғыз дүкенге келеді және оған сөйлейтін ойыншық кездеседі ол оған жалғыз жүруге болмайтының және ата-анасының рұқсатынсыз алуға болмайтынын айтады. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i>	үйдің суретін балаларға тарату. Түстерді ажырата отырып, терезелерді жабуды ұсыну. <i>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</i>	бөлініп ойнауға үйрету. Керекті құрал-жабдықтар: сөрелер, таразы, касса, ақша, киімдер. Шарты: Баласына әр түрлі мезгілге арналған киімдер алып беру. Ата-ана рөлін сомдау. Киімді дұрыс тандай білуге баулу. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i>
Балалармен жеке жұмыс 16:15-16:30	Айаруға тақпақ жаттату Келді жаңа жылымыз, Құтты болсын баршаға. Шыршамыз тұр ортада, Тойлайықшы шаттана. Мақсаты: сөздерді анық айтқызу, тілін дамыту. <i>(сөйлеуді дамыту)</i> Аянаға- шыршаны жапсырту. <i>(жапсыру)</i>	Алиханға жыл мезгілдері туралы әңгімелесу. Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атау. Баланың есте сақтау, ойлау қабілетін, зейінін дамыту. <i>(сөйлеуді дамыту)</i>	«Тез ойла» Мақсаты: Балалардың заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту. <i>(математика негіздері)</i> Әбілмәнсүрге шыршаны безендіру. <i>(жапсыру)</i>	Айарумен қысқы ойындар жайлы әңгімелесу. Мақсаты: суретке қарап өз ойын толық жеткізе білуге үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту)</i>	Нұрасылға түстерді жаттатқызу. <i>(математика негіздері)</i> Қысқы киімдерді тауып бояу. <i>(сурет салу)</i>

Серуенге дайындық 16:30-16:45	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынған қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. <i>(Сөйлеуді дамыту)</i>				
Серуен 16:45-17:30	Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау (Қоршаған ортамен таныстыру) Аз қимылды ойын: «Ұшақтар» Шарты: Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызу. Тәрбиеші өзі ұшақ болып ұшып көрсетеді. Тәрбиеші: «Ұшақтар ұшады!» – деген кезде барлық бала ұшақ болып ұшады. «Ұшақтар қонады!» дегенде барлық бала өз орындарына келіп қона бастайды. Тәрбиешінің бастауымен ойын жалғасады. <i>(ойын қызметі)</i>	Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау (Қоршаған ортамен таныстыру) Аз қимылды ойын: «Доп кімде?» Шарты: Бір бала жүргізуші болады. Бір бевала ортада көзін жұмып тұрады. Қойған балалар шеңбер жасап, қолдарын артына ұстап, иықтарын тақап тұрады (қолдары ішінен қарағанда көрінбеу керек). Сыртта жүрген бала сездірмей, шеңбердің сыртын айналып жүріп, бір баланың қолына ұстатады да өзі алысқа барып тұрады да « болды» дейді.	Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау (Қоршаған ортамен таныстыру) Аз қимылды ойын: «Ит пен қоян» Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Шарты: Ойын жазық алаңда ойналады. Бір бала ит болады да, қалғаны қоян болады. Бұдан кейін « ит», «қояндарды» қуып ұстауға тырысады. Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды. Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын жалғаса береді. <i>(ойын қызметі)</i>	Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау (Қоршаған ортамен таныстыру) Аз қимылды ойын: «Күн мен жаңбыр» Шарты: Балалар ашық алаңда еркін ойнап жүреді, гүл тереді, көбелек қуады, секіреді, жүгіреді. Тәрбиеші «Жаңбыр жауды!» дегенде балалар пана іздеп, үйшіктерге тығылады. Тәрбиеші «Күн шықты!» дегенде балалар қайта алаңға шығып, ойындарын жалғастырады. <i>(ойын қызметі)</i>	Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау (Қоршаған ортамен таныстыру) Аз қимылды ойын: «Қу түлкі » Шарты: Балалар бір-біріне бір адымдай ара қашықтықта тұрады (шеңбер жасап). Балалар көздерін жұмып тұрады. Тәрбиеші шеңберді айналып жүріп білдіртпей бір баланы түртеді. Сол бала түлкі болады. Балалар көздерін ашып бір-біріне мұқият қарайды. Қу түлкі сен қайдасың? Үш рет айтқанда қу түлкі ортаға қолын көтеріп мен мындамын деп жүгіріп шығу керек. Барлық балалар жан-жаққа

		Ортадағы бала көзін ашып, шеңбердің ішінде тұрып, кімде екенін (көзінің т.б.) біліп айту керек. Тапса допты алады. Таппаса-басын шайқайды. Сол кезде добы бар бала теріс айналып, допты көрсетеді. Сенде-деген жоғары көтеруі тиіс. <i>(ойын қызметі)</i>			қашады. Қу түлкі ұстап алуы керек. <i>(ойын қызметі)</i>
Серуеннен оралу 17:45-18:30	Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті				
Балалардың үйіне қайтуы 17:45-18:30	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				
	Ата-аналарға кеңес: Баланы үйде аяқ киімін оң, теріс деп үйрету.	Ата-аналарға кеңес: Жаңа жылға байланысты қолөнер жасап әкелу.	Медбике кеңесі: «Балаларды тазалыққа тәрбиелеу»	Ата-аналарға кеңес: Ертеңгілікте айтатын тақпақтарын үйде қайталау.	"Жаңа жылдық костюмдер" жеке әңгімелесу (костюмдер туралы кеңестер).

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2022-2023 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: «Аққу» бөбекжай» КМҚК

Топ: «Қарлығаш» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3-4 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі: 26.12-30.12.2022 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 26.12.2022	Сейсенбі 27.12.2022	Сәрсенбі 28.12.2022	Бейсенбі 29.12.2022	Жұма 30.12.2022
Балаларды қабылдау 8:00-8:30 Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйді және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер) 8:30 -9:00	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту.	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.	Балалардың көңіл күйі , тазалығы дене денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру.	Балабақшаға келер жолда не көргенін, далада ауа-райы қандай болып тұрғанын сұрау.

	Үстел үсті ойыны: «Заттарды салыстыру» Мақсаты: Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын түсіндіріп, бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: суреттер, ойыншықтар. Ойынның барысы: Балалар әр түрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын белгілері бойынша айтады. Жуан - жіңішке Жалпақ - жіңішке Биік - аласа Үлкен - кіші Ұзын - қысқа ұғымдарын біліп үйренеді. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) математика негіздері)</i>	Үстел үсті ойыны: «Мозайка» Мақсаты: Балаларға әр түрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбек-сүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозаика ойыншықтары. Ойынның барысы: Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, бұл-мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрасытруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсі үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. <i>(математика негіздері)</i>	Үстел үсті ойыны: «Кезек» Ойын барысы: Сурет, карточкаларды немесе қандай да бір затты кезекке тұрғызу. Мысалы: тіс дәрігеріне, шаштаразға. Балалар артқа қарап тұруын сұраймыз да, қандай-да бір затты алып тастап, қайтадан «Кім кезектен қашып кетті?» — деп сұраймыз. Қайтадан ары қарап тұруын сұраймыз, карточкалардың орнын аууыстырып, «Кім кезегін шатастырып алды?» — деп сұраймыз. Содан кейін карточкаларды төңкеріп, «Көбелек қайда ұйықтап жатыр?», «Піл қайда ұйықтап жатыр?» және т.б сұраймыз. <i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i>	Үстел үсті ойыны: «Жоғалған зат» Ойын барысы: Үстелдің үстіне бірнеше зат қойылады. Бала оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Үстелден бір зат алып тасталынады. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың саны ақырындап өсіруге болады. <i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i>	Үстел үсті ойыны: «Жақсы және жаман деген не?» картотека Мақсаты: қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру, адамдардың іс-әрекеттерін талдауға және оларға баға беруге үйрету. <i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i>
Таңертенгі жаттығу	ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (затсыз орындалады) Мақсаты: баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің				

9:00-9:15	белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету. 1.«Құстар» («Торғайлар», «Қаз»). Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды артта ұстау (төмен түсіру). Қолды екі жаққа созып, бұлғау – қанаттарын сермеу, қолды түсіру. Қолдыбаяу түсіру және «шиқ-шиқ», «қақ-қаққақ». 2. «Сағат сыртылдайды». Б.қ.: аяқты алшақ қою, қолды белге қою. Алға, төмен иілу, «бом», – деп, түзу тұру (6 рет). 1. «Жоғары созыл». Б.қ.: өкшемен отырып, қолды белге қою. Тізерлеп отырып, созылып, жоғарыға қарау, б.қ.-қа оралу, «отырдық», – деп айту(5-6 рет қайталау). 4. «Құламақ». Б.қ.: Осылайшаалға, артқа шайқалу (бір жақтан екінші жаққа). 3-4 рет шайқалғаннан кейін тоқтау, демалу (4-5 рет қайталау). 5. «Қоян». Б.қ.: аяқты сәл ашып, қолдың шынтақтан бүгіп тұру. 10-15 рет секіру және бір орында тұрып жүру. Жеңіл секіру (3-4 рет қайталау). 6. «Шар». Б.қ.: осылайша шар үрлеу және оны жоғары ұшыруды салу. (4-6 рет қайталау.) (Дене шынықтыру**)				
Таңғы ас 9:15-9:45	Гигиеналық шаралар: Таңғыасалдындақолдарын жуу, қолдысүртужәнеорамалды орнынаілу. Көркем сөз: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, қалыптастыру, тамақ	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенді сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенді сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)

	тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)		қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 9:45-10:00	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.				
	Саусақ жаттығуы: Саусақтардың амандасуы Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады - Сәлеметсіңбе, Балаң үйрек! - Сәлем, Ортан терек! - Амансыңба, Шылдыр шүмек! - Қалың қалай, Кішкене бөбек! (Бас бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшын тигізіп амандасады) <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>	Саусақ жаттығуы: «Менің отбасым» Бас бармақ – ата Сұқ саусақ – әже Ортан терек – әке Шылдыр шүмек – ана Кішкене бөбек – мен <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>	Саусақ жаттығуы: «Кірпі» Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>	Саусақ жаттығуы: «Көмекшілерге алғыс білдіру» - Рахмет саған, көздерім, сендер бәрін көресіңдер. (көзерін қолмен басу) - Рахмет саған, құлақтарым, сендер бәрін естисіңдер. (құлақтарын ұстау) - Рахмет саған, қолдарым, сендер бәрін істейсіңдер. (шапалақтау) - Рахмет саған, аяқтарым, енді, сендер топылдатып жүресіңдер. (топылдату) <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>	Саусақ жаттығуы: «Саусақтардың амандасуы» Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады - Сәлеметсің бе, Балаң үйрек! - Сәлем, Ортан терек! - Амансың ба, Шылдыр шүмек! - Қалың қалай, Кішкене бөбек! (Бас бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшын тигізіп амандасады) <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан	Қазақ тілі Мақсаты: Үйлесімді сөйлеу: 1) қарапайым сұрақтар қоюға және оларға қарапайым	Дене шынықтыру Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан	Музыка Мақсаты: Музыка тыңдау Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету.	Дене шынықтыру Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен, еңіс тақта

10:00-11:00	тақтай бойымен, еңіс тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру; Сапқа қайта тұру. Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша).	сөйлемдермен жауап беруге үйрету, қарапайым сөйлемдер құрастыру, жақын жерде, 2-3 сөйлемде орналасқан қыс мезгілінің қысқаша сипаттамасы; 2) қарапайым мәтіндердің қысқаша мазмұнын тыңдауға және түсінуге, айтуға және қайталауға, өлеңдерді жатқа оқуға үйрету. Сөздік минимум жаңа жыл, Аяз ата, Ақшақар, шырша «Аяз атаға арналған қапшық» үстел үсті ойыны	бойымен, еңіс тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру; Сапқа қайта тұру. Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша).	Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұнды, көңілді және т.б.) байқауға үйрету. Ән айту. Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өзбетінше бастау және аяқтау. Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өзбетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.	бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру; Сапқа қайта тұру. Сапқа бірден, шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша).
-------------	--	---	---	--	---

"Қонжық орманда жүреді" қимыл жаттығуы. Мақсаты: балаларды жаттығу сөздерін айта жүріп, мәтінге сай қимыл-қозғалыстарды жасауға дағдыландыру; артикуляцияны, сөйлеу, ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қонжық орманда жүреді, (Екі аяқ иық енінде, қол белде) Маймандайды, теңселеді. (Маймандау, қонжық жүрісіне еліктеу) Маймандайды, теңселеді, Тәтті жидекті тереді. (Отыру, саусақтармен еденді соққылау) Ағаштарға жорғалайды, (Екі қол кеуде алдында бұғулі; қолдарды көтеріп-түсіру, аяқтарды, түзе бүгіп, кезек көтеріп-түсіру) - Бал бересің бе? - сұрайды. (Екі алақанды қосып, үйкелеу) - Бал бересің бе? - сұрайды	Қимылды ойын: «Торғайлар мен автомобиль» Мақсаты: балалардың зейінің дамыту, шапшандыққа үйрету. Ойын шарты: Балалар бөлменің немесе аланның бір жағында отырады. Олар ұяларында отырған торғайлар. Бір бала автомобиль бейнелейді. (аланның қарама-қарсы жағында) Тәрбиеші: «Жол жүріп ұшып кеттік, торғайлар»-деген сөзіне, балалар жүгіреді, құстар сияқты қанаттарын қағып. Біраз уақыт өткен соң: «Байқандар, автомобиль келе жатыр»-дейді. Балалар(торғайлар) ұяларына ұшып бара қонады. <i>(дене шынықтыру)</i> Ақ аю-жапсыру, қысқы орман ағаштарын бояу. <i>(сурет салу, жапсыру)</i>	«Қанатты достар» құстар туралы әңгіме. Мақсаты: балаларды балабақша ауласындағы құстармен таныстыру. (торғай, қарға, сауысқан көгершін) Дидактикалық ойын: «Сықырлы қап» Мақсаты: Балаларға дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету, заттарды тануға баулу. Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға таныс ойыншықтар мен заттарды жәшікке жинайды. Балаларға менде бір сықырлы дорба бар онда не бар екен дейді. Кәне көрейік! Бір ойыншықты алып шығып, мынау не дейді? Балалар заттың атын атайды. Кейін жұмбақтарды шешуге болады. <i>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</i> Дайын пішіндерден тоты құстың бейнесін жапсыру, суретін бояу,	«Ит адамның досы» әңгіме Мақсаты: сурет мазмұнына қарай әңгіме құру білігін жетілдіру. (педагог үлгісі бойынша), бала бойында сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту, үй жануарларына деген сүйіспен-шіліктерін арттыру, оларға қамқорлық жасауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Ит пен қоян » Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Шарты: Ойын жазық алаңда ойналады. Бір бала ит болады да, қалғаны қоян болады. Бұдан кейін « ит», «қояндарды» қуып ұстауға тырысады. Өзі ұстаған балалардың барлығын итке айналдарды. Сөйтіп барлық қояндар итке айналғанша ойын жалғаса береді.	«Қыс мезгілінде не киеміз?» әңгіме. Мақсаты: Балаларға киім, киім түрлері, қысқы киімдер туралы түсінік беру.Әр мезгілде киетін киімдерді атай білуге, сауалнамалар өткізу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту. Киімді ұқыпты, таза киюге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Қолғаптың сыңарын тап? Мақсаты: Балаларға оң мен солды ажыратуға, түстер бойынша топтастыруға үйрету. Шарты: Бірдей қолғаптарды топтастыру. <i>(математика негіздері)</i> Қолғаптын суретін бояу, ермексаздан мүсіндеу. <i>(сурет салу, мүсіндеу)</i>
---	---	--	---	--

	Жерге түсіп, маймаңдайды (Маймаңдап жүру) Д. Ахметова <i>(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</i> Қонжықты суретін бояу, қонжықты дайын пішіндерден жапсыру, құтыдағы балды ермексаздан мүсіндеу. <i>(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</i>		түстерін атау. <i>(математика негіздері, сурет салу, жапсыру)</i>	<i>(дене шынықтыру)</i> Кішкентай күшікке арналған үйшік. Күшіктің суретін бояу. <i>(жапсыру, сурет салу)</i>	
Серуенге дайындық 11:00-11:15	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) «Біз киініп үйренеміз» әңгіме Мақсаты: балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыру үйрету. (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету) «Ретімен шешініп, киім ауыстырып кию» Алдымен аяқ киімді шешіп сөреге қоямыз. Күртешемізді шешіп ілеміз, бас киімді орнына қоямыз. Шалбар мен жемпірімізді шешіп, топқа киетін жеңіл киімдерімізді киеміз. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>				
Серуен 11:15-12:00	Көліктерді бақылау Мақсаты: Көліктерді, олардың түстерін, түрлерін ажырата білуге үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Еңбек: Айналаны ұқыпты ұстайық.	Боранды күнге бақылау жасау Мақсаты: Боранды күнге бақылау жасай білуге үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Еңбек: Жаңа түскен қарды жолды тазалау.	Қыстап қалатын құстарға бақылау жасау Мақсаты: қыстап қалатын құстар туралы түсінік беру. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Еңбек: Құстарға жем шашу	Қар үстіндегі іздерді бақылау. Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айыра білуге үйрету. Жеке жұмыс	Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу. Мақсаты: балаларға қар ұшқындарының қалай пайда болатыны жайлы айту, олардың құрылысымен таныстыру. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір-біріне өте

	Мақсаты: Айналасын таза ұстауға тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i> Жеке жұмыс Көркем сөз: Үлкен болып өскенде Машина алам мен де. Бірақ ол үшін әрине, Оқу керек күнде де. <i>(көркемәдебиет)</i> Қим. ойын: «Көліктер» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, қырағылыққа баулу. Ойын шарты: Балалар шеңберге жиналады. Тәрбиеші шеңбердің ортасына тұрып, ойын ережесінің орындалуын бақылайды. Балалар машинаның өте жоғары жылдамдықпен жүргенін елестету арқылы «вжик» деген дыбыс шығарылады. <i>(дене шынықтыру**)</i> Балалардың өзіндік іс-әрекеті.	Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i> Жеке жұмыс Көркем сөз: Ұстасаң - қолға ілінбес, Қарасаң - көзге көрінбес. Жүрсе ізі жоқ, Көретін көзі жоқ. Гулесе күші бар, Таңқаларлық ісі бар. <i>(Боран)</i> Жеке жұмыс: Жыланша ирелеңдеп жүруге үйрету. Қим. ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады. Ақ қоян-ау, ақ қоян,	Мақсаты: Қыстап қалатын құстарға қамқорлық жасау. <i>(еңбек әрекеті)</i> Жеке жұмыс Көркем сөз: Қарға, қарға, қарғалар, Қар үстінде жорғалар. Боран соқса қар болар, Бұтаға қонар қарғалар. <i>(көркем әдебиет)</i> Қим. ойын: «Аюдың апанында» Мақсаты: балалардың сөз қорын дамыта отырып, қимыл-қозғалыс іскерліктерін жетілдіру. Ойын шарты: Бір бала бөлме ортасында орындыққа отырады. (аю) Қалған балалар бөлме ішінде ақырын жайлап басып, төмендегі өлең жолдарын қайталайды: Өне аюдың апаны, жатыр онда дәу аю. Жайлап басып барайық, саңырауқұлақ, бүлдіргенді, Білдіртпей біз алайық. Ұйықтап жатқан аюды, оятып біз алмайық.	Көркем сөз: Қандай суық қыс деген? Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесең Құлағыңды тістеген. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Еңбек: Ойын құралдарын қардан тазалау. Мақсаты: еңбекқор болуға тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i> Қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Шарты: Аралары 10-15 адым қашықтықта «қора» мен «өріс» сызылады. <i>(дене шынықтыру**)</i> Жеке жұмыс: Жұмбақтар жасыру Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ жүреді. Аузы жоқ ұлиды. (Боран) Өзіндік іс-әрекет: Аққала жасау. Қалаулары бойынша	ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі. <i>қоршаған ортамен таныстыру)</i> Жеке жұмыс Көркем сөз: Қыста көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Еңбек: Ойын алаңын қардан тазарту. Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. <i>(еңбек әрекеті)</i> Қимылды ойын:
--	--	--	--	--	---

		Орнынан тұрсаңшы, Шашыңды тарасаңшы. Бетіңді жусаңшы, Әй-әй көйлек кесеңші, Біреудің қолын үзсеңші- Дегенде қоян болған б ала тақпақтағы айтылғ ан қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп бары п шеңберді бұзуға тыр ысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қос ылып тұрады да үзілге н жердегі оң жақтағы бала қоян болады. ((дене шынықтыру**)) Балалардың өзіндік іс-әрекеті.	Соңғы өлең жолдарын айтқан кезде аю, оянып кетіп балаларды ұстау үшін қуады. (дене шынықтыру**) Балалардың өзіндік іс- әрекеті..	ойындар.	«Күн мен түн» Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Шарты: Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді. (дене шынықтыру**) Балалардың өзіндік іс-әрекеті.
Серуеннен оралу 12:00-12:15	Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбарды шешеміз, ақырын іліп қоямыз. - Көйлекті шешіп, оны шалбарға, шортиға қосып іліп қоямыз. - Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз. - Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет).				

Түскі ас 12:15-13:00	Гигиеналық шаралар:Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) «Қонжыққа қасықты қалай ұстауды үйретеміз» (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
Күндізгі ұйқы 13:00-15:00	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Ертегі оқып беру. «Не дәмді?» Әлди Мақсаты: бала ағзасының физиологиялық тепе-теңдігін қалпына келтіру. Әлди, әлди, әлди-ай, Балалар ұйықтап жатыр. Төменгі төсекке, Балалар тыныш ұйықтайды, Мен ән саламын! (көркем әрекет) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау (Музыка**).
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары 15:00-15:15	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. (мәдени-гигиеналық дағдылар).
Бесін ас 15:15-15:45	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру Жастықтан біз тұрамыз,

	Қолымызды созамыз. Аяғымызды жазамыз, Үлкен болып өсеміз. (дене шынықтыру**). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Тазалықтың досы- Су дегенің осы. Сабындаған кезінде, Ашытады көзіңді. Өзімді жақсы сезінемін . (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет).				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) 15:45-16:15	Сюжетті-рөлді ойын: «Балабақшада» Мақсаты: тәртіптік дағдыларын бекіту, сөздіктегі сөздерді қолдану. Шарты: Балалар бірі медбике,бірі кір жуушы, аспаз, тәрбиеші болып бөлініп күнделікті балабақша өмірін сомдайды. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>		Сюжетті-рөлді ойын: «Дүкен. Жеміс-жидектер бөлімі» Мақсаты: Жеміс-жидектердің атауларын қайталау, дүкенде не бар екенін, қанша тұратынын, өзінің не сатып алатынын айта алуға үйрету. Қоғамдық орындарда қарым-қатынас жасай білуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін дамыту, сауатты жазу, оқуға дағдыландыру, ауызша сөйлеуге жаттықтыру. Шарты: Жеміс – жидектердің адамға деген пайдасын және оны сатушының көмегі орасан зор екені туралы білетін	Дид. ойын: «Дәл осындай пішінді тап» Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Шарты: Балалардың алдарына әр түрлі геометриялық пішіндер таратылады. Түстеріне қарап қандай геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, математика негіздері)</i>	Сюжетті-рөлді ойын: «Дәрігер» (педиатр) Мақсаты: Балалардың дәрігер мамандығы жайлы білімдерін кеңейту, балалар дәрігері (педиатр), жедел жәрдем дәрігері, окулист, тіс дәрігері т.б түрлерімен таныстыру. Топта ойынды ұйымдастыру барысында достық қарым-қатынасты нығайту. Шарты: дәрігер, медбике, ауру адам рөлін орындау керек. Бір бала ауру адам болады, екі бала ата-анасы болады, медбике укол салады, анасы мен әкесі балаға уколдан қорықпауға қамқорлық жасап, өздерін ата-ана рөлінде сезініп, мейрімділікке

			болады. Сатушы бала мен сатып алушы балалар болып бөлініп жемістер сатып алып ол туралы өз ойларын айтады. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>		баулу. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>
Балалармен жеке жұмыс 16:15-16:30	Жаңа жыл ертеңгілігіне берілген тапқтармен әндерді қайталау. Мақсаты: артикуляциялы аппаратты дамыту. <i>(сөйлеуді дамыту)</i>	«Менің отбасыммен бірге атап өтетін мереке» әңгіме. Мақсаты: балалар өз отбасындағы атап өтетін мереке туралы қысқаша әңгіме құрай білу. <i>(сөйлеуді дамыту)</i>	Асланға жұмбақ шешу арқылы ойлануға үйрету, дыбыстарды анық айтуға үйрету. Қонып алып жарға, Қарқылдайды Өзі сақ, өзі ұзын, Шықылықтап тұрмайды. Қарға <i>(қоршаған ортамен таныстыру)</i>	Алімжанға шаңғы суретін салғызу, қарындашты дұрыс ұстауға үйрету, екі жолды сызық сала білуге үйрету. <i>(сурет салу)</i> Қалған балалар топтарға бөлінеді және кіші топтарда жұмыс істейді.	«Жабайы жануарлар» туралы Сабинамен әңгімелесу, орманда жабайы жануарлар мекендейтіні туралы түсінік беру. <i>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Қалған балалар топтарға бөлінеді және кіші топтарда жұмыс істейді.
Серуенге дайындық 16:30-16:45	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынған қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. <i>(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>				
Серуен 16:45-17:30	Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау Аз қимылды ойын: «Аяғымызбен жер тебеміз» Мақсаты: мұқият тыңдап, өлең сөздерін анық айтуға тәрбиелеу. Шарты: Ойнаушылар	Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау Аз қимылды ойын: «Қаздар» Мақсаты: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен	Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау Аз қимылды ойын: «Жасырынбақ» Мақсаты: балаларды санамақ айтуға үйрету. Шарты: Ойынға жиналған балалардың	Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау Аз қимылды ойын: «Тым-тырақай» Мақсаты: балаларды санамақ айтуға үйрету. Шарты: Ойнаушы балалар шеңберге	Күннің екінші жартысындағы ауа райын бақылау Аз қимылды ойын: «Тышқан аулау» Мақсаты: Балаларды шапшандылыққа, ептілікке, командаға бөлініп ойнауға үйрету.

	қимылдаған кезде, көршісіне тимейтіндей қашықтықта дөңгеленіп тұрады. Тәрбиеші балалармен бірге өлең шұмақтарын жәй айтып тұрады. Балаларға өлеңде айтылған қимылдарды істеуге мүмкіндік береді. Аяқпенен тарсылдатып билейміз, Қолды соғып, басымызды иеміз. Қолымызды түсіреміз, Қолымызды ұсынамыз. Осы сөздермен балалар біріне-бірі қол беріп, дөңгеленіп тұрады. Одан кейін былай деп жалғастырады: Ал, шығайық сайланып, Жүгірейік айналып. Аз уақыт өткеннен кейін тәрбиеші: «Тоқта»-дейді. Бәрі тоқтайды. Одан кейін ойын қайталанады. (дене шынықтыру**)	таныстыру. Керекті құралдар: (сырнай немесе сылдырма) Шарты: Қысқаша әңгіме, қаз өте сақ құс, ол балапан шығарған кезде, ата қаз балапандардың соңында жүреді. Егер қауіп төнсе, ана қаз екеуі екеулеп балапандарын қорғайды. Қаздар көк шалғында шөп жейді. Барлық балаларға сырнай үлестіріліп, ішінен ата қаз белгіленеді. Балалар шалғында жайылып жүрген қаздарды бейнелеп, баяу сырнай тартады. Тәрбиеші белгісімен қауіп төнгенде, ата қаз сырнайды қатты 2-3 рет тартып белгі береді. Осы кезде балалар қанат қағып жүгіріп барып, ана қаздың жанына жиналады. Ойын қайталанып, ата қаз сайланады. (дене шынықтыру**)	барлығы шеңбер құрып, ойын бастаушының айналасына тұра қалып, тақпақтап санамақ айта бастайды. Санамақтың бірнеше түрі бар. Қандай жылы күн шуақ, Балапандар жүр шулап Қызығына қараймын Бір, екі, үш...деп санаймын. Шөжелерім шөп-шөп-шөп, Жем шашайын көп-көп-көп, Он екенсің бәрі-бәрің, Отыз түйір дәнім бар Әрқайсыңа қаншадан? Теріп жеңдер соншадан. Немесе, ойын бастаушы алақанын төмен қарата бір қолын жоғары көтереді, ал барлық балалар бір-бір саусағын соның астына тигізіп ұстап тұрады. Ойын бастаушының « бір, екі, үш»белгісімен балалар бір-бір саусақтарын тез тартып алады. Саусағы ұсталған бала көзін жұмып, басқалары тығылады.	тұрады да, бір баланы санамақ айтып, ортаға шығарады. Балалар тәрбиешінің белгісімен: Ал, кәнеки балалар, Бір, екі, үш-деп санаңдар Бір, екі, үш— Ал тараңдар-деп Жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң тәрбиеші бір, екі, үш деп санағанша балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. (дене шынықтыру**)	Шарты: Ойыншылар 2 командаға бөлінеді. Аз топ қол ұстасып шеңбер жасайды. Олар тышқан ұстаушылар. Қалғандары тышқандар, олар шеңберді айналып жүреді. Тәрбиеші « қақпаны аш » дегенде шеңбердегі балалар қолдарын босатып жоғарға көтеріп тұрады. Тышқандар өтіп жүреді. Тәрбиеші қол шапалақтағанда, шеңбердегілер қолдарын түсіріп, шеңбер ұстай қою керек. Ішінде қалғандары ұстаған тышқан алады. Олар жиналып шеңбер жасауға дайындалады, олар қақпан жасап тышқан ұстаушы болады. Ойын жалғаса береді. (дене шынықтыру**)
--	---	--	---	--	--

			Көзін жұмған бала 40 не 50 -ге дейін санап, тығылған балаларды іздейді. Тапқан сайын өзі тұрған жерді алақанымен соғып отырады. Балалардың алдын-ала келісуімен, ең бірінші немесе ең соңында қалған бала көзін жұмып, ойын қайта басталады. <i>(дене шынықтыру**)</i>		
Серуеннен оралу 17:30-17:45	Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, дербес және ойын әрекеті				
Балалардың үйіне қайтуы 17:45-18:30	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				
	Ата-анаға кеңес: Балаға үйде жиі қарындаш берудің пайдасы.	Ата-анаға кеңес: «Балабақшадағы баланың киімі»	Жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес. «Ұйқының жетіспеушілігі неге әкеледі?»	Ата-аналарға және балаларға жақсы демалуға тілек білдіру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
2022-2023 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: «Аққу» бөбекжай» КМҚК

Топ: «Қарлығаш» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3-4 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.01-06.01.2023 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері			Сәрсенбі 04.01.2023	Бейсенбі 05.01.2023	Жұма 06.01.2023
Балаларды қабылдау 8:00-8:30 Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер) 8:30-9:00			Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту.	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.	Ата-аналарға балалардың кітапқа қызығушылығын арттыру тақырыбында кеңес беру.
			Үстел үсті ойыны: «Заттарды салыстыру» Мақсаты: Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. Ұғымдардың мағынасын	Үстел үсті ойыны: «Мозайка» Мақсаты: Балаларға әр турлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету,	Үстел үсті ойыны: «Жақсы және жаман деген не?» Мақсаты: қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру,

		түсіндіріп, бір-бірінен ажыратуға баулу. Ойын-тілін танымдық әрекетін дамытып, баланы өзін қоршаған ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: суреттер, ойыншықтар. Ойын барысы: Балалар әр түрлі заттарды салыстырады, суретін салады, айырмашылығын белгілері бойынша айтады. Жуан - жіңішке Жалпақ - жіңішке Биік - аласа Үлкен -кіші Ұзын -қысқа ұғымдарын біліп үйренеді. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, математика негіздері)</i>	түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбек-сүйгіштікке тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: мозайка ойыншықтары. Ойынның барысы: Тәрбиеші мозайка бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, бұл-мозайка деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрасытуға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсі үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. <i>(математика негіздері)</i>	адамдардың іс-әрекеттерін талдауға және оларға баға беруге үйрету. Ойын атрибуттары: суреттер Ойынның барысы: балаларға суреттер таратып беріледі, балалар бір суретті таңдап, жақсы немесе жаман қылық жасап жатқаның ажыратып айтып беру. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)</i>
Таңертенгі жаттығу 9:00-9:15	ТАҢҒЫ ГИМНАСТИКА КЕШЕНІ (затсыз орындалады) Мақсаты: баланың организмін «ояту», оны тиімді күйге келтіру, жан-жақты, бірақ бұлшықет жүйесіне орташа әсер ету, дененің белсенділігін арттыру, дұрыс қалыптың қалыптасуына ықпал ету. 1. «Саусақтарды ойнату». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды белге қою. Қолды алға созып, саусақтарды қозғау, қолды белге қою. 4-6 секундтан кейін қолды түсіру. Осылайша қолды екі жаққа созу. Еркін тыныс алу. (4 рет қайталау). 2. «Иілу және тік тұру». Б.қ.: аяқты алшақ қойып отыру, қолды артта ұстау. Алға иілу, алдыға қарау, б.қ.-қа			

	оралу.Еркін тыныс алу. (5 рет қайталау.) 3. «Қысқа және ұзын аяқтар». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолдыбелге қою. Отыру – қысқа аяқтар, тік тұру – ұзын аяқтар. ОсылайшаБ.қ.-танотырып, шалқадан жатып орындау. «Қысқа», – деп айту. (5 рет қайталау.) 4. «Торғай». Б.қ.: аяқты алшақ қойып, қолды төмен түсіру. 8-10 рет секіру және 8-10 рет адымдау. Жеңіл секіру. Еркін тыныс алу. 3 рет қайталау. Жаттығуды аяқтап, жүру. (Дене шынықтыру**)				
Таңғы ас 9:15-9:45			Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Дымқылдап күнде сен, Қолыңды сүйкесең. Кетіп кір-ыласың, Тап-таза боласың. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,, қоршаған ортамен танысу)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)	Гигиеналық шаралар: Таңғы ас алдында қолдарын жуу, қолды сүрту және орамалды орнына ілу. Көркем сөз: Су, су менің бетімді жу. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет,, қоршаған ортамен таныстыру)</i> Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау, тамақтану мәдениетін қалыптастыру, тамақ ішкенде сөйлемей, тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту)
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 9:45-10:00	Балалар әсерлерімен бөлісу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту) Ұйымдастырылған іс әрекет тақырыбына сай жұмбақтар жасыру. Жаттаған тақпақты есіне түсіріп, қайталап айту.				

			Саусақ жаттығуы: «Кірпі» Момақанмын алайда, (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады) Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды). Кіріп кетсе қолыңа, Өкпелеме жарайма! (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Саусақ жаттығуы: «Көмекшілерге алғыс білдіру» - Рахмет саған, көздерім, сендер бәрін көресіндер. (көзерін қолмен басу) - Рахмет саған, құлақтарым, сендер бәрін естисіндер. (құлақтарын ұстау) - Рахмет саған, қолдарым, сендер бәрін істейсіндер. (шапалақтау) - Рахмет саған, аяқтарым, енді, сендер топылдатып жүресіндер. (топылдату) (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)	Саусақ жаттығуы: «Саусақтардың амандасуы» Бас бармақ өзінен басқа саусақтардың атын атап амандасады - Сәлеметсің бе, Балаң үйрек! - Сәлем, Ортан терек! - Амансың ба, Шылдыр шүм! - Қалың қалай, Кішкене бөбе! (Бас бармақ кезекпен барлық саусақтарға ұшын тигізіп амандасады) (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 10:00-11:00			Дене шынықтыру Мақсаты: Бірғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар:	Музыка Мақсаты: Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.	Дене шынықтыру Мақсаты: Бірғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Жалпы дамытушы жаттығулар Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар: қолды жоғары, алға, жан-жақ көтеру және түсіру (бірге

			қолды жоғары, алға, жан-жаққа көтеру және түсіру (бірге немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);	Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балғашық, сылдырмақ, барабан, металлофон және т.б.) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Музыкалық-ырғақтық қимылдар Музыкамен жүру мен жүгіруді ырғақты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық	немесе кезекпен); заттарды бір қолынан екінші қолына салу, алдына, артқа апару, басынан жоғары көтеру; қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артқа апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу. Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға-оңға) бұрылу; солға, оңға бұрылу (отырған қалыпта); аяқты көтеру және түсіру, аяқтарды қозғалту (шалқасынан жатқан қалыпта);
--	--	--	--	---	--

				шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау.	
			«Қуыршақ қонаққа келді» Мақсаты: Дауысты (а,ы) және кейбір дауыссыз (к-қ, т-д) дыбыстарды анық айту. Ыдыс-аяқ атауларын меңгерту арқылы пассивті және белсенді сөздік қорын кеңейту. Түрлі әрекеттерді ауызша жеткізу қабілетін дамыту. Балаларға ыдыстар мен тағамдардың аттарын үйрету, оларды ажыратуға жаттықтыру. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Дидактикалық ойын: «Не жетіспейді?» Мақсаты: есте сақтау қабілетін дамыту, түстерді ажырата білуге үйрету. Шарты: тәрбиеші үстелге әртүрлі ыдыс-аяқтарды қояды. Балалар заттарды есте сақтауға тырысады,	«Асханадағы ыдыс-аяқ» Мақсаты: ыдыс-аяқ туралы түсініктерін кеңейту; қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу. «Ас бөлмесіндегі ыдыстар» ойыны Сұрақтар қояды: -Мынау не? -Оны қайда қайнатамыз? -Шәйнек пен қазан ұқсас па? -Неге? т.б Салыстырады, белгілеріне қарай ыдыстарды ажыратады. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Сергіту сәті: Сәлем, мен шәйнекпін, <i>(Бір қолымен шүмегін ұстайды)</i> Өзім үлкен, жуанмын. <i>(Келесі қолын беліне қояды),</i>	«Кім мяу білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу. Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. (Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Дидактикалық ойын: «Түрлі-түсті мысықтар» Мақсаты: балаларда түсті қабылдауды дамыту. Көрнекі зейін мен есте сақтаудың дамуына ықпал ету. Шарты: балалар суреттерге қарап пішіндерді мысықтардың түсіне қарап орналастырады. Түрлі түсті мысықтар, Төбеге құлайды. Түрлі түсті мысықтар: Қара, ақ, сұр, қызыл,

		содан кейін көздерін жұмып, бұрылады. Тәрбиеші бір затты жасырады. Балалар көздерін ашып, үстелден не жоғалып кеткенін еске түсіруге тырысады. (математика негіздері) «Әдемі шәй шыныаяқтары» саусақпен сурет салу Мақсаты: бейнелеу іс-әрекетінің дәстүрлі емес техникасын қолдана отырып, сурет салу дағдыларын жетілдіру (саусақпен сурет салу); балалардың түс туралы білімдерін бекіту. саусақтарыңызбен шыныаяққа шеңберлерді біркелкі жағуды, қарабайыр үлгілерді жасауды үйрену; ұсақ моториканы, қиялды, композиция сезімін дамыту; Шай шыныаяқтары бар суреттерді қарастыру Өлшемдері мен түстеріне назар аудара отырып, демонстрациялық	Міне, менің қолым, <i>(Беліндегі қолын көтеріп, қайта беліне қояды)</i> Міне, менің мұрным Шай қайнайды-пф-пф-пф <i>(Секіреді, қайнаған шәйнектің дыбысын келтіреді)</i> Енді оны құямын. (дене шынықтыру**) Мақтақыздың мысығына жағымды, еркелететін сөздер айту. Мысықай-пысықай, сен Мақтақыздың сүтін тағы да төгіп алдың ба? - Балалар, ол осы жолы Мақтақыздың кесесін сындырып алыпты. Оған Мақтақыз ренжіп, «басқа кесе алып келмесең үйге кіргізбеймін» деген екен. Ермексازдан сынбайтын кесе жасап берейік. (Мүсіндеу)	Көк және жолақты, Тіпті кішкентай мысықтар. Аналар бояғысы келмейді, Барлығы бірдей! Егер балалар болса, қандай қуаныш, Барлығы болады-бір түсті ме? (математика негіздері) Сергіту сәті "Мысық" Мысық таңертең оянды, әдемі созылды, әдемі төмен қарай еңкейіп, оңға-солға бұрылып, ақырын кетіп қалды! (дене шынықтыру**) «Көңілді мысықтар» Мақсаты: балаларға қағаздан мысық жасау тәсілдерін үйрету; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; өз қолымен пайдалы және әдемі ойыншық жасауға деген ұмтылысты тәрбиелеу, желіммен жұмыс істегенде дәлдікке тәрбиелеу. 1. Ортаңғы сызықты белгілеу үшін үлкен
--	--	--	---	---

		материалды (әртүрлі пішіндегі, өлшемдегі және түстердегі шай шыныаяқтары бар суреттер) көрсетеді. Балалар, әжеге қонақтар келеді екен, бірақ оларға шәй берейін десе шыныаяғы жетпейді екен. Сендерден көмек сұрайды. Енді бояулар мен саусақтарымызды қолдана отырып, біз шыныаяқтың ерекше сұлулығын жасаймыз. Сіздердің әрқайсыларыңыз тек сіздің шыныаяқыңызда бейнеленетін ерекше сурет саласыздар. (Сурет салу)	тіктөртбұрышты екіге бүктеу. 2. Біз бүктемеге мысықтың денесінің үлгісін қолданамыз. Біз қарындашпен сызып, бүктемені қолымызбен ұстап, кесіп тастаймыз. 3. Біз ақ шаршыны аламыз, оны шеңберге айналдырамыз. Біз бұрыштарды біркелкі кесеміз. 4. Біз басымызды дененің жоғарғы жағына жабыстырамыз. 5. Біз кішкене шаршыны аламыз. Біз оны диагональ бойынша кесеміз. Екі бірдей үшбұрыш шығады. 6. Құлақтарды басына жабыстырыңыз. 7. Біз құйрық үшін дайындама аламыз. Біз шаблонды қарындашпен жағып, айналдырамыз. Контур бойымен кесіңіз. 8. Біз құйрықты мысықтың денесіне жабыстырамыз. 9.Қоңыр тіктөртбұрыштардан еркін пішінді дақтарды кесіңіз. 10. Денеге жабыстырыңыз.
--	--	---	--

					Енді біз киізден жасалған қаламдарды алып, аздап қиялдаймыз және котенкамызды басқаша безендіреміз. Сіз оның көзін, мұрнын, басына немесе құлағына дақ сала аласыз. (Құрастыру)
Серуенге дайындық 11:00-11:15	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну (ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) «Біз киініп үйренеміз» әңгіме Мақсаты: балалардың тез, өз бетінше және белгілі бір ретпен серуендеу дағдыларын жетілдіру; заттарын шкафта дұрыс орналастыруға үйрету. (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет, өз-өзіне қызмет көрсету) «Ретімен шешініп, киім ауыстырып кию» Алдымен аяқ киімді шешіп сөреге қоямыз. Күртешемізді шешіп ілеміз, бас киімді орнына қоямыз. Шалбар мен жемпірімізді шешіп, топқа киетін жеңіл киімдерімізді киеміз. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)				
Серуен 11:15-12:00			Суықторғайды бақылау Мақсаты: -Балалардың құстар туралы білімдерін толықтыру; -Салыстыру, талдау, қортынды жасай білу туралы білімдерін толықтыру. (қоршаған ортамен таныстыру) Көркемсөз А. Меңдібай Қарағай мен шыршаның Суықтан дені тоңып тұр.	Қар үстіндегі іздерді бақылау. Мақсаты: балаларды қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айыра білуге үйрету. Көркем сөз: Қандай суық қыс деген? Қалтырайды құс деген. Құлақшынды кимесең Құлағыңды тістеген. (сөйлеуді дамыту және	Көліктерді бақылау Мақсаты: Көліктерді, олардың түстерін, түрлерін ажырата білуге үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру) Еңбек: Айналаны ұқыпты ұстайық. Мақсаты: Айналасын таза ұстауға тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) Көркем сөз: Үлкен болып өскенде

		Бұл не ғажап қарасаң, Қайыңда алма өсіп тұр! Жақын келіп қарасам, Көзіме өзім сенбедім- Алқызыл болып көрінген, Өнші құсы орманның Суық торғай сен бе едің? Тәрбиеші жұмбақ жасырады: Айналаны қар басса да, Суықтан еш тоңбайды. Құс екенін бұл қандай, Қане, кім болжайды? Кеудесі қызыл әсем-ақ, ♦ Суықторғайдың кеудесінің түсі қандай? (ашық қызыл) ♦ Суықторғайлар жазда, көктемде, күзде қайда өмір сүреді? (қалың орман көлеңкесінде) ♦ Суықторғайлар бізге қай уақытта ұшып келеді? (алғашқы аяз түскенде) ♦ Суықторғайлардың балапандары қай уақытта көрінеді? (мамыр айында) ♦ Суықторғайдың ысқырығы (дыбысы) ненің дыбысына ұқсайды? (флейта аспабының дыбысына-	көркем әдебиет) Еңбек: Ойын құралдарын қардан тазалау. Мақсаты: еңбекқор болуға тәрбиелеу. (еңбек әрекеті) Қимылды ойын: «Қасқыр мен лақтар» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу. Шарты: Аралары 10-15 адым қашықтықта «қора » мен « өріс » сызылады. (дене шынықтыру**) Жеке жұмыс: Жұмбақтар жасыру Қанаты жоқ ұшады, Аяғы жоқ жүреді. Аузы жоқ ұлиды. (Бора) (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Өзіндік іс-әрекет: Аққала жасау. Қалаулары бойынша ойындар.	Машина алам мен де. Бірақ ол үшін әрине, Оқу керек күнде де. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Көліктер» Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, қырағылыққа баулу. Ойын шарты: Балалар шеңберге жиналады. Тәрбиеші шеңбердің ортасына тұрып, ойын ережесінің орындалуын бақылайды. Балалар машинаның өте жоғары жылдамдықпен жүргенін елестету арқылы «вжик» деген дыбыс шығарылады. (дене шынықтыру**) Балалардың өзіндік іс-әрекеті.
--	--	--	---	---

		ұяң, мұңды) ◆ Қандай құстар қыстан қорықпайды? (суықторғай, сарышымшық, сарнауық торғай) ◆ Суықторғайлар немен қоректенеді? (өсімдіктер дәндерімен) (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Зерттеу жұмысы Құстар ізін қарау. Оларды қарға мен жануарлар (мысық, ит) іздерімен салыстыру. Қандай айырмашылығы бар? (Зерттеу қызметі) Еңбек Ойын алаңын қардан тазалау. Мақсаты: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу (еңбек қызметі) Қимылды ойын «Ұшты-ұшты». Мақсаты: аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу Жаттығу ойындары «Қапшықтағы жемді жеткіз».		
--	--	--	--	--

			Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға жаттықтыру (дене шынықтыру**) Жеке жұмыс Халық болжамы: Құстар асыға қоректенсе ауа-райы бұзылады.		
Серуеннен оралу 12:00-12:15	Балалардың реттілікпен шешінуі, жұмбақтар шешу, өлендер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау Киімді белгілі бір тәртіппен шешу және кию дағдыларын үйрету: - Түймелерді ретумен ағытамыз. - Көйлек, шалбарды шешеміз, ақырын іліп қоямыз. - Көйлекті шешіп, оны шалбарға, шортиға қосып іліп қоямыз. - Аяқ киімді шешіп, екінші аяқ киімді киеміз. - Колготкаларды шешіп, көйлекке қосып іліп қоямыз. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет).</i>				
Түскі ас 12:15-13:00	Гигиеналық шаралар:Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау: қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану: «Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу» Кезекшілердің жұмысы: (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану, сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) «Қонжыққа қасықты қалай ұстауды үйретеміз». <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>				
Күндізгі ұйқы 13:00-15:00	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қояды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Ертегі оқып беру. «Не дәмді?» Әлди Мақсаты: бала ағзасының физиологиялық тепе-теңдігін қалпына келтіру. Әлди, әлди, әлди-ай, Балалар ұйықтап жатыр. Төменгі төсекке, Балалар тыныш ұйықтайды,				

	Мен ән саламын! (сөйлеуді дамыту және көркем әрекет) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары 15:00-15:15	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Шомылған баланы, Аймалап алады. Сүртеді қолыңды, Сүртеді жоныңды. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас 15:15-15:45	Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру. Жастықтан біз тұрамыз, Қолымызды созамыз. Аяғымызды жазамыз, Үлкен болып өсеміз. (дене шынықтыру**). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету Тазалықтың досы- Су дегенің осы. Сабындаған кезінде, Ашытады көзіңді. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) 15:45-16:15			Сюжетті-рөлді ойын: «Емхана» Мақсаты: балаларда дәрігер мамандығына деген қызығушылық қалыптастыру. Сюжеттік ойындарды дамыта білу дағдыларын қалыптастыру.	Сюжетті-рөлді ойын: «Аурухана» Мақсаты: Балаларға дәрігер, медбике, санитар мамандығы туралы түсінік беру. Ауырып тұрған адамға жағымды қарым-қатынас жасауға	Сюжетті-рөлді ойын: «Жедел жәрдем» Мақсаты: «жедел жәрдем» ойынын басқа ойындармен байланыстыра ойнауға үйрету, адам өмірін сақтауға арналған мамндықтар туралы білу. Ақ халатты абзал

			Медициналық құралдардың атауын бекіту: фонендоскоп, шприц, шпатель, мақта, дәке. Ауру адамдарға қамқорлықпен, мейіріммен қарауға тәрбиелеу. Керекті құрал жабдықтар: дәрігердің бас киімі мен халаты, медициналық құралдар. Алдын ала жұмыс: медкабинетке экскурсияға бару, дәрігер жұмысына бақылау жасау. Шарты: дәрігер, медбике, ауру адам рөлін орындау керек. Бір бала ауру адам болады, екі бала ата-анасы болады үйге жедел жәрдем шақырады, медбике укол салады, анасы мен әкесі балаға уколдан қорықпауға шақырады. <i>(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>	тәрбиелеу. Қажетті құрал-жабдықтар: халат, бас киім, рецепт жазып беруге қарындаш пен қағаз, фонендоскоп, тонометр, градусник. дәке, мақта, шприц, дәрілер, пинцет, қайшы. Ойындық рөлдер: дәрігер, медбике, ауру адам. «Укол саламыз» Шарты: дәрігер, медбике, ауру адам рөлін орындау керек. Бір бала ауру адам болады, екі бала ата-анасы болады, медбике укол салады, анасы мен әкесі балаға уколдан қорықпауға қамқорлық жасап, өздерін ата-ана рөлінде сезініп, мейірімділікке баулу. <i>(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>	жандардың еңбегін құрметтеуге үйрету. Медицина қызметкерлерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, қоғамдық жерлерде өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту. Керекті құралдар: жедел жәрдем көлігі, қағаздар, халат, бас киім, дәрілер салынған чемодан. Шарты: Бір бала жүргізуші, екі бала дәрігер рөлін ойнайды, балалар дәрігерлердің жұмысына құрметпен қарап біз олардың көмегіне мұқтаж екенімізді түсініп, жақсы көз қараста болу. <i>(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>
--	--	--	---	--	--

Балалармен жеке жұмыс 16:15-16:30			Нұрасылға ыдыстардың атауын дұрыс айтып, әңгімелеуге үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>	Томирис пен Назымға қарындашты дұрыс ұстауға үйрету, екі жолды сызық сала білуге үйрету. <i>(сурет салу)</i>	Айаруға «Кім мяу деді?» ертегісін суретке қарап айтуға үйрету. <i>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>
Серуенге дайындық 16:30-16:45	Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканың ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. <i>(Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</i>				
Серуен 16:45-17:30			Күннің екінші жартысындағы ауа-райын бақылау. Қимылды ойын: «Жасырынбақ» Мақсаты: балаларды санамақ айтуға үйрету. Шарты: Ойынға жиналған балалардың барлығы шеңбер құрып, ойын бастаушының айналасына тұра қалып, тақпақтап санамақ айта бастайды. Санамақтың бірнеше түрі бар. Қандай жылы күн шуақ, Балапандар жүр шулап Қызығына қараймын	Күннің екінші жартысындағы ауа- райын бақылау. Қимылды ойын: «Тым- тырақай» Мақсаты: балаларды санамақ айтуға үйрету. Шарты: Ойнаушы балалар шеңберге тұрады да, бір баланы санамақ айтып, ортаға шығарады. Балалар тәрбиешінің белгісімен: Ал, кәнеки балалар, Бір, екі, үш-деп санандар Бір, екі, үш— Ал тараңдар-деп	Күннің екінші жартысындағы ауа-райын бақылау. Қимылды ойын: «Тышқан аулау» Мақсаты: Балаларды шапшандылыққа, ептілікке, командаға бөлініп ойнауға үйрету. Шарты: Ойыншылар 2 командаға бөлінеді. Аз топ қол ұстасып шеңбер жасайды. Олар тышқан ұстаушылар. Қалғандары тышқандар, олар шеңберді айналып жүреді. Тәрбиеші « қақпаны аш » дегенде шеңбердегі балалар қолдарын босатып жоғарға

			Бір, екі, үш...деп санаймын. Шөжелерім шөп-шөп-шөп, Жем шашайын көп-көп-көп, Он екенсің бәрі-бәрің, Отыз түйір дәнім бар Әрқайсыңа қаншадан? Теріп жеңдер соншадан. Немесе, ойын бастаушы алақанын төмен қарата бір қолын жоғары көтереді, ал барлық балалар бір-бір саусағын соның астына тигізіп ұстап тұрады. Ойын бастаушының « бір, екі, үш» белгісімен балалар бір-бір саусақтарын тез тартып алады. Саусағы ұсталған бала көзін жұмып, басқалары тығылады. Көзін жұмған бала 40 не 50 -ге дейін санап, тығылған балаларды іздейді. Тапқан сайын өзі тұрған жерді алақанымен соғып отырады. Балалардың алдын-ала келісуімен, ең бірінші немесе ең соңында қалған	Жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң тәрбиеші бір, екі, үш деп санағанша балалар тез шеңбер құрып тұрады. Ойын қайта басталады. (дене шынықтыру**)	көтеріп тұрады. Тышқандар өтіп жүреді. Тәрбиеші қол шапалақтағанда, шеңбердегілер қолдарын түсіріп, шеңбер ұстай қою керек. Ішінде қалғандары ұстаған тышқан алады. Олар жиналып шеңбер жасауға дайындалады, олар қақпан жасап тышқан ұстаушы болады. Ойын жалғаса береді. (дене шынықтыру**)
--	--	--	---	---	--

			бала көзін жұмып, ойын қайта басталады. (дене шынықтыру**)		
Серуеннен оралу 17:30-17:45	Балалардың киімін ретімен шешу, әндерді үйрену, жұмбақтарды шеш, дербес және ойын әрекеті				
Балалардың үйіне қайтуы 17:45-18:30	Балалардың жетістіктері туралы әңгімелесу, ата-аналардың балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша сұрақтарына жауап беру, кеңес беру.				
			Жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу.	Ата-аналарға кеңес. Балаға үйде жиі ермексаз беру.	Ата-аналарға және балаларға жақсы демалуға тілек білдіру.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

2022-2023 оқу жылы

Мектепке дейінгі ұйым: «Аққу» бөбекжай» КМҚК

Топ: «Қарлығаш» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3-4 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі: 09.01-13.01.2023 жыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 09.01.2023	Сейсенбі 10.01.2023	Сәрсенбі 11.01.2023	Бейсенбі 12.01.2023	Жұма 13.01.2023
Балаларды қабылдау 8:00-8:30 Ата-аналармен әңгімелесу	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу. Ата-аналармен бала денсаулығы, баланың үйдегі және көшедегі күн тәртібі туралы әңгімелесу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, эксперимент, кітаптар қарау және өзіне-өзі қызмет ету, тағы басқа іс-әрекеттер) 8:30 -9:00	Таңертеңгі әңгіме «Дені сау болып өсемін!» «Дұрыс тамақтану», «күн режимі» ұғымдарын бекіту. Салауатты өмір салтымен таныстыру. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	Таңертеңгі әңгіме «Өзің туралы не білесің?» Кейбір органдардың мақсаты туралы білімді бекіту (кұлақ – есту үшін, көз-көру және т.б.). Кейбір дағдыларды білу (сурет салу және т. б.) (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	Таңертеңгі әңгіме «Денсаулықты қалай сақтау керек?» Дәрі-дәрмектер мен аурулар, аурулардың алдын-алу, дәрумендердің пайдасы туралы қарапайым ақпарат беру. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	Таңертеңгі әңгіме «Денің сау болғың келсе-шынық» «Шынығу» ұғымдарымен таныстыру. Балалардың салауатты өмір салты туралы түсініктерін кеңейту. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	Таңертеңгі әңгіме «Адам өміріндегі микробтар» Балалардың микроорганизмдердің адам денсаулығына зияны мен пайдасы туралы идеяларын қалыптастыру. Салауатты өмір салтының негіздерін тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту және қоршаған ортамен таныстыру)

